

интересах стабильности общественной жизни и ее оптимальной организованности должны соответствовать предписанием актов вышестоящих органов. Все коллизии, противоречия между подзаконными актами в цивилизованном государстве решает закон, обладающий высшей юридической силой.

Степень юридической силы нормативно-правовых актов может быть различна, но степень обязательности содержащихся в них норм абсолютно одинакова для всех тех, к кому относятся их предписания. Это принципиальное положение составляет основу функционирования правового государства.

#### Список литературы:

1. Табанов С.А. Систематизация как высшая теория совершенствования законодательства. – Алматы: Наука, 2003. – 216 с.
2. Марченко М.Н. Источники права – М.: Проспект, 2007.- 760 с.
3. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 г. // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000>
4. Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан.- Алматы: Жеті жарғы, 1996. — 352 с.
5. Кубеев Е.К., Амандыкова С.К. Конституция Республики Казахстан. Теоретико-правовой анализ.- Караганда, 2008.- 301 с.
6. Нерсисянц В.С. Проблемы общей теории права и государства - М.: Норма – 2002. – 832 с.

### ЖАСТАРДЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Серікбаева С.С., з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы*

*Бекова Н., заң факультетінің 1 курс студенті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазіргі таңда әлем елдерінің алдында тұрған өзекті мәселелерінің бірі – мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлық. Жаңа із басар ұрпаққа не береміз..., не үйретеміз..., асқар мұратымыз не..., алар белесіміз қайсысы деген сұрақтарға жауап берудің өзі оңай болмай отыр. Мемлекеттің қауіпсіз дамуына қауіп төндіретін бұл әлеуметтік дерттен біздің қоғам да белгілі бір деңгейде зардап шегуде. Сол себепті сыбайлас жемқорлық мәселесі мемлекет пен қоғамның бүкіл саласына қатысты қарсы сипат алып, байырғыдан қарағанда зор өзектілене түсуімен назар аудартады. Себебі, сыбайлас жемқорлық құбылысы мемлекеттік қызметтегі пара алатын лауазымды тұлғалардың беделіне дақ түсіруімен қатар, билік жүйесінің, оған қоса бүкіл әлеуметтік жүйенің құлдырауына әкеп соғуымен қауіпті. Алайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы елімізде заңнамалар қабылданып, сан алуан іс шаралар жүргізіліп келседе, бұл келеңсіз құбылыс тыйылмай отыр. Сыбайлас жемқорлықтың ден алуына, жаппай таралуына түрткі болатын себептерге тоқталсақ. Бүгінгі уақытта сыбайлас жемқорлықтың таралуына елдегі әлеуметтік ахуалдың әлі де төмендігі, билік құрылымдардың жауапсыз іс әрекеттері, тиісті заңнаманың өз деңгейінде орындалмауы, халықтың құқықтық санасы мен білімнің төмен болуы, қоғамда демократиялық дәстүрлердің сақталмауы, сот жүйесіндегі әділетсіздіктер әсер етеді. Әсіресе, көпшіліктің сыбайлас жемқорлық көріністеріне көз жұмып қарауы, пара берушілікке бол алдыруы үрдіске айналғаны рас. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін, алдымен оған қарсы мәдениетті қалыптастыру мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттауға аса көңіл бөлген жөн. Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің атқаратын қызметі зор екендігіне ұғына отырып, оны қоғамда кең тарату үшін құқықтық нормаларға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлыққа ие адамның белгілі бір бейнесін қалыптастыру болып табылады. Бүгінгі еліміздің тірегі – білімді ұрпақ, еліміздің мәртебесін асқақтатып экономикасын, ішкі және сыртқы саясатын дамыту жастардың қолында. Жастар реформаларлы жалғастырушы, Қазақстан Республикасының болашақтағы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының кепілі, қоғамның белсенді бөлігі мен жаңашылдықтың қайнар көзі. Мысалы, бұл қылмысты құқықтық санасы жоғары 30-40 жастағы азаматтар жасаса, онда жастар қалайша бұл қылмысты жасамайды. Ал олай болса, жас буынға құқықтық тәрбие беру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – қазіргі қоғамның ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттегі лауазымды тұлғалардың, қоғам мен саяси тұлғалардың сатылғыштығы мен парақорлығы. Демек, бірнеше лауазымды қызметкерлердің бірігіп жасаған қылмысы. Өз қызмет мәртебесі мен өкілеттігін, артықшылық алу мақсатында пайдалану болып табылады.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, Ирак жерінде іргесі қаланған ежелгі Лагаш деп аталатын мемлекетте Урукагина есімді патша болған. Ол шенділердің жемқорлыққа бой алдыруын айыптаған ең алғашқы патша ретінде есептеледі. Урукагина қызметін теріс пайдаланған лауазымды қызметкерлерді үнемі бақылап, сынап отырған. Тіпті, халықты түрлі жолмен қорқытып, пара дәметіп келгендерді жазаға да тартқан. Яғни, мемлекетте парақорлықты азайту үшін мемлекеттік басқару процесіне түбегейлі өзгерістер енгізген. Жалпы, қарт тарихта жемқорлыққа бой алдырғандарды түрлі жазаға тарту, парақорлықты тоқтатудың түрлі тәсілдері қолданылғандығы туралы деректер көп. Мәселен, Иван Грозный XVI ғасырдың ортасында парақорлыққа тыйым салған. Осы «дертке» шалдыққандарды өлім жазасына кесуді бұйырған. Көрші мемлекет Қытайда да парақорлар өлім жазасына кесіліп отырған. Жазаның бұл қатаң түрін олар осы уақытқа дейін іс жүзінде жүзеге асырып келеді.

1787 жылы қабылданған АҚШ Конституциясына сәйкес, сыбайлас жемқорлық президентке сенімсіздік жариялануға себеп болатын екі қылмыстың бірі болып табылады.

XX ғасырда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа моделін енгізген мемлекеттердің бірі – Сингапур. Мәселен, 1965 жылы тәуелсіздігін алған Сингапурде парақорлық өршіп тұрған. Кез келген мәселе пара беру арқылы ғана шешіліп отырған. Міне, осының барлығына аталған елді бірнеше жыл басқарған Ли Куан Ю нүкте қойды. Ол елде сыбайлас жемқорлықпен күресудің жоспарын әзірлеп, оны іс жүзінде ұтымды пайдалана білді. Бірінші кезекте заңдарды қатаңдатты. Соттық жүйенің тәуелсіздігін жоғарылатты. Шенеуніктердің жалақыларын өсірді және олардың іс-әрекеттері регламенттелді. Сыбайлас жемқорлықты тергеу бойынша дербес Бюро құрылды. Бастысы, шағын және орта бизнеске есік ашып, олардың дамуына кедергі болатын түрлі әкімшілік кедергілерді жойды. Аталған тынымсыз жұмыстар көп ұзамай өзінің нәтижесін берді. Қазір Сингапур әлемнің ең дамыған мемлекеттерінің үздік ондығына кіреді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Дания, Швеция, Канада, Финляндия, Норвегия, Исландия, Жапония, Германия, Израиль сынды мемлекеттер табысты жүргізіп келетіндігін айта кеткен жөн. Олар сыбайлас жемқорлықты ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп деп есептейді. Мәселен, 1995 жылы Ұлыбританияда Нолан комиссиясы жемқорлықтың алдын алатын 7 қағиданы қабылдаған. Олар: Риясыздық. Сатылмастық. Әділдік. Есептілік. Ашықтық. Арды, абыройды сақтаушылық. Басшылық. Міне, осы қағидалар арқылы бүгінгі таңда Ұлыбританияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттері өзінің жемісін бере бастаған.

Ал біздің мемлекетіміз ТМД елдері арасында бірінші болып сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің негізгі қағидаларын анықтайтын «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңын қабылдады. Жылдар өтті, аталған мәселеге деген талаптар күшейе түсті. Нәтижесінде аталған заңнама алдыңғы қатарлы мемлекеттердің заман талабына сәйкестендірілген тәжірибелеріне сүйене отырып қайта жаңғыртылды. Осылайша, ағымдағы жылдың басынан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа Заң қолданысқа енгізілді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күрестің қылмыстық-құқықтық шаралары бойынша құзыреттерді жүзеге асыру үшін Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросы құрылды. Жаңа заңнамада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің шеңбері артып отыр. Яғни, уәкілетті органнан бөлек оған квазимемлекеттік сектор, қоғамдық бірлестіктер және басқа да жеке және заңды тұлғалар жатқызылған. Оған қоса, Заңмен жемқорлықтың алдын алудың жаңа механизмдері енгізілуде. Жалпы, жемқорлық неден туындайды? Ол адамдар арасындағы қарым-қатынастан басталады. Қоғамда өмір сүрудің заңды жолдары сақталса, яғни заңдар басшылыққа алынса, жемқорлық болмайды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті» деп тайға таңба басқандай етіп жазылып қойылған. Заңның осы және басқа да талаптары сақталатын болса, азаматтардың заңға деген құрметі мейлінше арта түссе, онда жемқорлықтың ауыздықталатыны сөзсіз [1].

Егеменді еліміздің тірегі – білімді, тәрбиелі ұрпақ. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасын дамытатын, бүкіл әлемге Қазақстанды паш ететін бүгінгі жас ұрпақ. Ал олай болса Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай: «Біздің еліміз құқықтық мемлекетті орнықтырып дамытуды мақсат етіп отырған мемлекет. Сондықтан, жастардың құқықтық тәртібін,

құқықтық сауатын, Ата Заңымызға деген құрметін арттыра отырып, жан-жақты тәрбиелеу керек» [2]. Тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бірі — құқықтық тәрбие. Ол қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдарды аса жауапкершілікпен орындап отыруы талаптарымен тығыз байланысты.

Жастар қоғамның белсенді, ұтқыр бөлігі, жаңашылдықтың, ерекше және шығармашылық шешімдердің қайнар көзі. Сонымен қатар жастар реформаларды жалғастырушы, Қазақстан Республикасының болашақтағы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының кепілі ретінде қатысады. Халық арасында, әсіресе жастар арасында құқық пен құқықтық нормаларды қолдану ерекшеліктерін түсіндіру қоғам өмірінің барлық жақтарын реформалау жағдайындағы қажеттілік болып табылады.

Құқықтық тәрбие беру баланың жеке тұлғасын қалыптастырып, олардың бойына жоғары идеялық пен қоғамдық меншікке қатынасты көзқарасты дарытудың асыл міндеттерін атқарады. Мемлекетіміз жастарға құқықтың тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау - ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Көбіне құқықтық сананың төмендігі, материалдық және рухани игіліктердің не екенін жөнді түсінбеушілік қоғамға жат қылықтарды туғызады. Сондықтан да әр оқушының санасына құқықтық нормаларды жеткізу, жеткізіп қана қоймай оның күнделікті мінез-құлық нормасына айналдыру үшін күресу құқықтық тәрбиенің міндеті болып табылады.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамытатын тәрбие саласының бірі - құқықтық тәрбие. Әрбір азамат өз мемлекетінің заңына жауапкершілікпен қарап, оны орындауды өз міндеті деп есептеуі тиіс. Ол сан қырлы күрделі процесс. Жастық шақта адамның қоғамдық белсенділігі артады, сана-сезімі өседі, психикасы шындалып нығая түседі. Ол қоғамнан өз орнын табуға тырысады, өзін қоршаған ортаға сын көзбен қарай бастайды.

Жастарға құқықтық тәрбие беру - ол жастардың қоғамдық, саяси және мәдени жағынан өсіп-жетілуін, олардың санасында жоғары адамгершілік қағидаларының орнығуын, әлеуметтік белсенділігінің артуын және рухани жағынан бай, жан-жақты қалыптасуын көздейді. Құқықтық тәрбие жалпыға бірдей заңдылықты белгілі мақсатпен және принциппен жүргізуді көздейді. Оның заңдылықтары мен мәнін ұғыну үшін тек теорияға көңіл бөліп қана қоймай, оның саяси, еңбек, адамгершілік тәрбиемен бірлесе жүргізілуі қажеттіліктерін ескеру керек.

Құқықтық тәрбиенің негізгі мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуына, оның жан-жақты толыққанды дамуын қамтамасыз ету. Бұл міндеттер оң шешімін табу үшін жеке адамның дамуы қалай өтетінін және қалыптасуына қандай жағдайлар ықпал ететінін білу қажет.

Құқықтық білімнің жастардың санасын қалыптастырудағы орны ерекше. Сондықтан да олар құқықтық ақпараттармен қамтамасыз етіліп отырылуы қажет.

Жастарға қатысты құқықтық бағдарлама, түрлі кездесулер, пікір-талас, олимпиада, кештер, сайыстар, семинар-тренингтер, жас ерекшеліктеріне байланысты түрлі көркемдік, хроникалық-құжаттық, ғылыми фильмдер, көрсетуге болады. Өскелең ұрпақ тәрбиесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруда түбегейлі маңызды рөл атқарады. Тек ерте жастан бастап мінез-құлықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұратындай етіп қалыптау осы әлеуметтік кесепатты жоюға мүмкіндік береді. Сондықтан, жастар ұйымдары сыбайлас жемқорлыққа атымен төзбеушілікті насихаттауда ерекше орын алатын болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда барлық жастар бірлестіктері мен үкіметтік емес ұйымдардың күш-жігерін жұмылдыратын жастар осы істің алдыңғы шебінде жүруі тиіс [3]. Дегенмен, еліміз тәуелсіз алғалы бері жемқорлықпен күрес жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Осы мақсатта көптеген заңдар қабылданған. Мысалы, ҚР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану (228-бап), коммерциялық сатып алу (231-бап), қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-бап), билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-бап), пара алу (311-бап), қылмыстық жалғандық жасау (314-бап) туралы лауазымдық қылмыс нормалары ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары болып табылады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданды.

«Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс. Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сөтінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біз түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек» деп атап көрсетті Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің кезекті 2012 жылғы Жолдауында [4].

Қорыта келе айтарымыз, жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың негізгі мақсаты:

1) Сыбайлас жемқорлықтың қоғам мен мемлекетке төнетін қауіп қатер екеніне азаматтардың көз жеткізу.

2) Жастардың жемқорлыққа деген теріс көзқарастың қалыптастыру мен жемқорлыққа дел дал болуына жол бермеу.

3) Пара беруді өз мәселелерін шешудің әдісі деп қарайтын халықтың түсінігіне саналылықпен әсер ете отырып, халықтың құқықтық сауаттылық деңгейін көтеру.

Тек ерте жастан бастап мінез-құлықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұратындай етіп қалыптастыру осы әлеуметтік кесепатты жоюға мүмкіндік береді. Мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіргенде ғана осы құбылысқа қарсы күресе аламыз. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша Қазақстанның тәжірибесі көрсеткендей негізгі үш шартты атап айтты: «Біріншіден, қатал әрі әділ заңдар қажет. Екіншіден, күшті саяси жігер қажет. Үшіншіден, барша қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қажет» [5]. Осы теріс құбылыспен күресу үшін Қазақстанда арнаулы құрылымдар – ҚР Президенті жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі комиссия, ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі құрылды, 2006-2011 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасы қабылданды және ол іске асырылуда. Қазақстан кеңістіктен кейінгі алғашқы мемлекеттердің бірі болып 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңды қабылдады. Бұқаралық ақпарат құралдарында кең ауқымды насихат жүргізу арқылы азаматтардың санасына сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне төзбеушілікті сіңіру қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске көпшіліктің назарын аударған, халыққа сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлесіп және саналы түрде күресу керек екендігі туралы түсіндірген жөн. Мысалы, Германия қалаларының көшелеріндегі тазалық пен тәртіпке көпшілік таңдана да сүйсіне қарайды. Ал осы тазалық пен тәртіпке әрбір тұрғынның жол жүру ережелерін, қоғамдық тәртіпті бұзушылар мен басқа да осындай келеңсіз жайттар туралы хабарлауды өз борышы санағандықтан қол жеткізілген. «Бұл көшемен менің балаларым жүреді, мына жол ережелерін бұзушы олардың өміріне қауіп төндіреді, егер оны жазаламаса, басқалар осы жол ережесін бұзушыдан үлгі алуы мүмкін, ал бұл тіптен қауіпті» [6]. Егер жамандықпен күреспейтін болсақ, онда жамандық күш алып, ақыл-ой мен даму қағидаттарына қайшы келетін өз тәртібі мен ережелерін орнықтыра бастайды.

Әдебиеттер тізімі:

1 Айтмағанбет Г. Жемқорлықты қалай жоямыз // <http://www.astana-akshamy.kz/zhemqorlyqty-qalaj-zhoyamyz/>

2 Ауелбекова Г. Жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін жетілдіру. // [http://tarbie.org/load/elek/baiandama/zhas\\_spirimderdi\\_y\\_ty\\_m\\_denietin\\_zhetildiru/84-1-0-17913](http://tarbie.org/load/elek/baiandama/zhas_spirimderdi_y_ty_m_denietin_zhetildiru/84-1-0-17913)

3 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлық профилактикасы департаменті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттандыру және жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасау басқармасының ұжымы дайындаған «Түрлі әлеуметтік топтарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» курсы бойынша дәрістер жинағы // <http://allrefrs.ru/4-50725.html>

4 ҚазАқпарат - «Қазақстан - 2050» Демократиялық күштерінің жалпыұлттық коалициясы «Азаматтық қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атты Үндеуі [http://www.inform.kz/kz/zhemkorlyk-zhay-kukyk-buzushylyk-emes-ol-ulattyk-kauipsizdikke-tongen-tikeley-kater\\_a2695923](http://www.inform.kz/kz/zhemkorlyk-zhay-kukyk-buzushylyk-emes-ol-ulattyk-kauipsizdikke-tongen-tikeley-kater_a2695923)

5 Қалиева Г. Жемқорлық күреске әр азамат атсалысуы қажет // <http://old.abai.kz/content/zhemkorlyk-k-reske-er-azamat-atsalysuy-kazhet>

6 Әміров И. Сыбайлас жемқорлық — мемлекеттің беделіне нұқсан келтіретін дерт // <http://www.aktobegazeti.kz/?p=9543>